



SATBAYEV
UNIVERSITY



СӨЖ №2/4 - Қазақстанның энергетикалық шикізаттары

Спикерлер: Жахаева Диана, Қалмахамбет Анель,
Изтурганова Гулайым, Бағдар Заупан, Жахаев Диас,
Казангали Данияр, Казизов Қуаныш

Қабылдаған: Аршамов Я.К

01

Пайдалы қазбалар

Жер қойнауында шоғырланған,
материалдық өндіріскен пайдалануға
жарамды қатты, сұйық және газ
түріндегі табиғи минералдық заттар
болып келеді.

02

Жердің бетінде және оның қойнауында орналасқан, өзінің мөлшері, сапасы мен орналасу жағдайы тұрғысынан қоғамның қазіргі даму сатысында өнеркәсіптік игеруге жарамды минералдық шикізаттар шоғырын **кенорын** деп атайды.

Минералдық шикізат деп жер қойнауынан өндіріліп алынатын, шаруашылықта қолдануға қажетті дәрежеде алғашқы өңдеуден өткізілген пайдалы қазбаны атайды.

03

Кез-келген елдің дамуы мен өмірі оның табиғи ресурстарымен - өсімдік және жануарлар әлемімен, су қорларының болуымен , жерінің болуымен және жер қойнауының минералдық ресурстарға деген мүмкіндіктерімен анықталады.



04

Қазақстанның қазіргі даму сатысында минералдық шикізаттық кешеннің ұтымды да басым салалары болып **стратегиялық, өте маңызды және маңызды сапалары** болып табылады.



05

Стратегиялық салалар тобы

Көмір, уран, мұнай-газ және хром шикізат салалары стратегиялық салалар тобына жатады.

Бұл салаларды дамытудың мақсаты - елдің энергетикалық тәуелсіздігін және оған валюталық түсімдердің құйылуын қамтамасыз ету болып келеді.



06

Өте маңызды салалар тобы

Темір, марганец, мыс, қорғасын-мырыш, алюминий және алтын шикізаттарының салалары.

Бұл елдің индустрилық келбетін анықтайды және валюталық түсімдерді қалыптастыруда да маңызды рөл атқарады.



07

Маңызды салалар тобы

Титан, қалайы, күміс, фосфор
және барит шикізаттарының
салалары болып келеді.

Ел экономикасын минералдық
шикізатпен қамтамасыз етудегі қазіргі
таңдағы проблемалық салалар ретінде
мыс, қорғасын-мырыш, титан және алтын
шикізаттарының салалары болып



Қазақстанда мұнай мен газдың 200 кенорны ашылып барланған, олардың 105-і мұнай, 33-і мұнай-газ, 30-ы мұнай-газ-конденсат, 20-ы газ кенорындары. Бұған қоса 12 таушайыр (битум) кенорны белгілі.

Еліміздегі мұнайдың жалпы болжамдық өндіріп алуға болатын ресурстары 12,0 млрд. т-дан астам деп шамаланады, олардың 5 млрд. т-сы құрлықта, ал 7 млрд. т-дан астамы теңіз табанында.

09

Мұнай мен газдың барланған қорларының негізгі бөлігі Каспий маңы провинциясында орналасқан. Мұнда көмірсутектердің 122 кенорны белгілі, олар республикадағы көмірсутек қорының 80%-ын құрайды.



10

Көмір

Қазақстан тас көмір мен қоңыр көмірдің мол қорына иелік етеді. Республика аумағында 200-ге жуық көмір кенорындары, 200-ден астам көмір білінімдері белгілі.

Ең ірі көмір алаптары Орталық Қазақстанда (Қарағанды, Екібастұз, Майкөбе алаптары). Шұбаркөл (2,2 млрд. т), Борлы (0,5 млрд. т), Самара (1,3 млрд. т) сияқты ірі кенорындар мен Теңіз-Қоржынкөл алабының әлі барланбаған кенорындары да осы аймақ ауқымында.

Көмір

Тәуелсіздік жылдары Қарағанды көмір алабында көмірді ашық және жерасты тәсілдерімен өндірудің арақатынасы айтарлықтай төмендеп, Екібастұз көмір алабының рөлі артты.

Қазіргі таңда елімізде өндірілген көмірдің жалпы көлемінің үштен екі бөлігін Екібастұз кеншілері өндіруде. «Богатырь Көмір» және «Шығыс» кеніштерінде жаңа технологиялар мен заманауи техникалар енгізіліп, еңбек қауіпсіздігі артты.





Мұнай

12

Мұнай - газ саласы Қазақстан Республикасының энергетикалық қуат көзінің **екінші орында**.

Республиканың энергетикалық баланста мұнай - газ саласының негізгі үлесі көмір салаласынан кейін 18,6% және 14% құрайды.

Мұнай-газ саласы экономиканың басқа салаларының дамуына жағдай жасайды. Олардың қатарына

- отандық энергетикалық, тасымалдау, машина жасау
- химия және мұнай химиясы,
- жеңіл өнеркәсіп, авто жолдарын салу салалары жатады.

Көмірсутектің өте үлкен қорына ие.

Қазақстанның дамуының жаңа сатысы негізінен осы мұнай-газ

13

Мұнай

Мұнай қорының 90 % -ы 15 ірі кен орнында шоғырланған. Мұнай кен орындары **Ақтөбе** , **Атырау** , **Батыс Қазақстан** , **Маңғыстау** , **Қызылорда** және **Қарағанды** облыстарында кездеседі .

Көмірсутекті шикізаттың 70 % -ы Қазақстанның батысында шоғырланған .

Қазақстанда 3 мұнай өңдеу зауыты - **Атырау** , **Павлодар** және **Шымкент** жұмыс істейді.

Қазақстан мұнай қорынан дүниежүзінде 10 , ал оны өндіру көлемінен 11 орынды алып отыр . ТМД бойынша 2 орынды алады.

14

Пайдалы қазбалар жіктемесі

Қазіргі кезде кенорындардан өнеркәсіпте пайдаланатын 70-тен аса металл айырып алынады. Металдар өздерінің өнеркәсіпте пайдалану бағытын анықтайтын қасиеттеріне байланысты түрлерге бөлінеді:

- қара және легирлеуші : темір, марганец, хром, титан, ванадий, никель, кобальт
- түсті: алтын, күміс, платина тобы (оган палладий, иридий, родий және осмий жатады)
- радиобелсенді: уран, радий, торий
- сирекжер - лантан, церий, празеодим, тербий, тулий

15

Жанғыш қазбаларға торф, қоңыр көмір, тас көмір, антрацит, жанғыш тақтатас, озокерит кіреді.

Бейметалл қазбаларға құрылыстық таужыныстар, индустриялық шикізат (алмас, графит, асбест), химиялық және агрономиялық шикізаттар (күкірт, барит, галит, калий) жатады.

Жанғыш тақтатас кенорындары

Жанғыш тақтатастар.

Жанғыш тақтатастардың біршама жақсы зерттелген кенорны - Зайсан ойысындағы **Кендірлі кенорны.**

Кенорын ашық тәсілмен де, шахталық әдіспен де игеріледі.

Кенорындарына жататын аймақтар:

- Арал маңы (Байғожа)
- Торғай ойысымы мен Алакөл ойысы

Бұл көмір кенорындағы жанғыш тақтатастардың жалпы геологиялық қоры 4,1 млрд. т-ны құрайды.

16



Назарларыңыз үшін көп рахмет!